



Арқа өндірісіне АҚШ та мүдделі

Еліміз үшін ғана емес, күллі жаһан жұртында жасанды интеллект енді технологиялық құбылыс емес, экономиканы жаңа сапалық деңгейге көтергін стратегиялық құралға айналуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқында берген цифрландыру бағыты бүгін өндіріс цехтарында нақты нәтижесін беріп келеді. Бәсекеге қабілет тек жер қойнауындағы байлықпен емес, интеллектуалдық қуатпен өлшенбек. Жасанды интеллект пен цифрлық шешімдер IT-орталықтардан шығып, зауыттағы станоктың шанағына келді. Бірде инженердің уақытын үнемдесе, енді бірі қауіпсіздік пен тиімділікті бақылап отыр. Баспасөз туры барысында біз мемлекеттік саясаттың жаңа жобаларының іргелі өндіріс орындарында жүзеге асып жатқанын көрдік.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірлік өндірістің жаңа бағыты

Қарағанды облысы ауыр өнеркәсіп аймағы ретінде қалыптасқан. Көмір, металлургия, машина жасау – өңір экономикасының негізгі тірегі. Десе де, соңғы жылдар мұғдарында өндірістің құрылымында елеуір өзгеріс байқалады. Негізгі екпін енді көлемге емес, технологияның түлеуіне, цифрлық жаңа шешімдерге бағытталуда.

Бүгінде облыста 100 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Бұл секторда 236 мыңнан аса адам еңбек етеді. Яғни, жұмыспен қамтылған халықтың 43,5 пайызы кәсіпкерліктен нәпақа табуда. Сондықтан, өндірістегі кез келген жаңғыру немесе цифрландыру тікелей, жүздеген мың адамның жұмысына әсер етеді.

Мемлекеттік қолдау тетіктері де осы үрдіске бейімделген. Пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, несиелерге кепілдік беру, жеңілдетілген кредиттер, гранттық қаржыландыру және инфрақұрылымдық қолдау – мұның бәрі кәсіпкерлердің жаңа технология енгізуіне мүмкіндік.

– Былтыр өңірде 50,4 млрд теңге көлемінде екі мыңнан астам жоба қаржыландырылды. 1819 жоба субсидия алса, 145 жоба кепілдікпен қамтамасыз етілді, 127 жоба жеңілдетілген кредитке қол жеткізді. Әлеуметтік кәсіпкерлер мен «Бір ауыл – бір өнім» жобасының қатысушыларына гранттар бөлінді. Мақсат – тек өндіріс көлемін арттыру емес, оның технологиялық деңгейін көтеру. Цифрлық

шешімдер мен жасанды зердені енгізу – уақыт талабы. Бұл инвестициялық игілікті күшейтіп, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді, – деді облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Сержан Қапаев.

«Өнеркәсіптің жедел жәрдемі»

Өңірдегі «Транзит» және оның негізінде құрылған «Teleport 3D» компаниясы бүгінде отандық индустрияда «өнеркәсіптің жедел жәрдемі» ретінде кеңінен танымал. Бұл теңеудің астарында нақты өндірістік қажеттілік бар. Мысалы, көптеген зауыт-фабрикаларда қымбат жабдықтардың бір ғана бөлшегі істен шықса, өндіріс тоқтап, кәсіпорын миллиондаған шығынға батады. Мұндайда шетелден айлап қосалқы бөлшек күткенше, Данил Ращупкин бастаған инженерлер командасы жасанды интеллект пен аддитивті (материалды қабат-қабат жағу арқылы нысан жасау әдісі) технологияларды пайдалана отырып, мәселені санаулы күндер ішінде шешіп береді.

Кәсіпорынның басты ерекшелігі – жай ғана бөлшек шығару емес, тапсырысты қабылдаудан бастап, есептеу, модельдеу және өндіріске жіберуді қамтитын толық инженерлік циклді жүзеге асыруында. Бұл үдерісте жасанды интеллект инженердің ең жақын көмекшісіне айналған.

– Біз әзірлеген арнайы ЖИ-агент (белгілі бір тапсырмаларды адамның көмегісіз орындайтын зияткерлік бағдарлама) – бұл 3D-инженерлердің жұмысын түбегейлі жеңілдететін бірегей құрал. Ол детальға түсетін жүктемені, температуралық режимді және жұмыс ортасын бірнеше секунд ішінде ғана талдап



шығады. Маңыздысы, жүйе интернеттегі жалпы ақпаратпен ғана шектелмейді. Біз оны компанияның ішкі базасындағы қатаң мемлекеттік стандарт негізінде (ГОСТ) технологияға негіздедік. Соның арқасында есептеулердің дәлдігі 99 пайызға дейін жетті. Мұндай цифрлық қолдау тапсырысты орындау уақытын үш есеге дейін

қысқартуға мүмкіндік береді, – деді компания басшысы Данил Ращупкин.

Кәсіпорынның цехы Reverse engineering (кері жобалау – дайын бөлшекті зерттеу арқылы оның цифрлық сызбасын қайта жасау) технологиясы бойынша жұмыс істейді. Яғни, бұзылған деталь жоғары дәлдіктегі метрологиялық сканерден өткізіліп,



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

оның цифрлық моделі жасалады. Кейін инженерлер бөлшектің әлсіз тұстарын нығайтып, жетілдіреді. Өндірісте стандартты полимерлер мен резеңкеден бөлек, авиация мен ғарышта қолданылатын аса төзімді карбон және шыны талшықты композициялық материалдар (екі немесе одан көп компоненттен тұратын, беріктігі жоғары коспалар) пайдаланылады. Бұл бөлшектердің геометриялық дәлдігі сондай, тіпті, күрделі конвейерлер мен сорғы станцияларындағы металл бөлшектерді еркін алмастыра алады.

Технологияның тиімді тетігі кәсіпорынға өте кең ауқымда жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мұнда мұнай және тау-кен саласына арналған алып механизмдермен қатар, тұрмыста қолданылатын қарапайым еттартқыштың тісті бұрандалары, BMW автокөліктерінің шам корпустары немесе Halyk Bank банкоматтарына арналған арнайы қондырмалар да әзірленеді. Бүгінде компания Қазақстан бойынша 5 000-нан астам кәсіпорынмен серіктес болса, олардың цифрлық платформасын әлемнің 96 елі пайдаланады. Тіпті, пайдаланушылар саны бойынша АҚШ төртінші орында тұруы – отандық өнімнің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін айғақтайды.

– Біз үшін аддитивті технологиялар тек зауыт бөлшектерін шығарумен шектелмейді. Оның әлеуметтік миссиясы медициналық жобалардан анық көрінеді. Былтыр біз жақ сүйегіне жасалған күрделі операцияға технологиялық қолдау көрсетіп, КТ деректері негізінде жоғары дәлдіктегі хирургиялық шаблон дайындап бердік. Бұл дәрігерлерге операцияны айна-қатесіз, сәтті өткізуге сеп болса, пациенттің тез сауығуына жағдай жасады. Сондай-ақ, медицина саласының студенттеріне арнап адам миының нақты шамасындағы бөлшектелген макеттер әзірледік, – деді өндіріс бөлімінің жетекшісі Владислав Шуваев.

➤ 3-бет

• ЖОБА

Ұстаз еңбегі елеусіз қалмайды

Қазақстанда педагогтердің құқықтарын қорғауға және олардың кәсіби жүктемесін азайтуға бағытталған заңнамалық өзгерістер әзірленуде. Мәжілісте қаралып жатқан «Педагог мәртебесі және білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында мұғалімдердің әлеуметтік желілерді міндетті түрде жүргізуінен бас тарту құқығын заңмен бекіту ұсынылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев педагогтің қоғамдағы орнын атап өтіп, мұғалімдерге тән емес жұмыстарға тартуға жол берілмеуі тиіс екенін айтқан болатын. Соңғы жылдары білім саласында мұғалім мәртебесін арттыруға бағытталған жүйелі реформалар жүргізіліп келеді. Ұсынылып отырған заңнамалық өзгерістер – сол саясаттың жалғасы.

Заң жобасына сәйкес, «Педагог мәртебесі туралы» Заңның 7-бабы жаңа редакцияда толықтырылып, педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде онлайн-платформаларда аккаунт жүргізуден және онда материалдар жариялаудан, сондай-ақ, еңбек шартында немесе лауазымдық нұсқаулықта көзделмеген имидждік және өзге де жұмыстарды орындаудан бас



тарту құқығы бекітіледі.

Депутаттардың айтуынша, бұл норма мұғалімдерді әлеуметтік желілердегі белсенділікке мәжбүрлеу тәжірибесін тоқтатып, олардың негізгі міндеті – білім беру үдерісіне толық көңіл бөлуіне мүмкіндік береді. Заң жобасын әзірлеушілердің түсіндіруінше, педагогтерді жеке парақшалар жүргізуге, түрлі жарияланымдар жасауға немесе қосымша тапсырмалар орындауға

мәжбүрлеу жағдайлары кездескен. Енді мұндай міндеттер мұғалімнің келісімінеіз жүктелмеуі тиіс.

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов бұған дейін мұғалім ең алдымен ұстаздық қызметпен айналысуы керектігін атап өткен еді. Оның айтуынша, педагог блогер, мобилограф, күзетші немесе чат модераторы болмауы тиіс. Мұғалім әлеуметтік желілерді тек өз еркімен жүргізуі керек.

Заң жобасында педагогтердің еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған басқа да нормалар қарастырылған. Атап айтқанда, қағаз және электрондық есептілікті қатар жүргізуге тыйым салу ұсынылады. Бұл мұғалімдердің құжат толтыруға кететін уақытын азайтып, оқу үдерісіне көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, педагогтер оқушылардың мектептен тыс уақытта және сабақтан кейін жасаған құқық бұзушылықтары үшін жауапты болмайтыны нақты көрсетіледі. Бұл норма мұғалімдердің жауапкершілік шегін айқындап, олардың құқықтық қорғалуын күшейтеді.

Құжатта еңбек шарттарының құқықтық мәртебесін күшейту және педагог мәртебесі туралы заңнаманы бұзғаны үшін айыппұл мөлшерін арттыру да көзделген. Бұл шаралар білім беру ұйымдарында педагогтердің құқықтарын қорғаудың тиімді механизмдерін қалыптастыруға бағытталған.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай өзгерістер мұғалімдердің кәсіби беделін арттырып қана қоймай, білім беру сапасына да оң әсер етеді. Педагогтер негізгі қызметіне толық көңіл бөлген кезде оқыту нәтижесі де жақсара түседі.

Білім беру жүйесін дамыту – елдің болашағына салынған инвестиция. Мұғалім еңбегін қорғау мен қолдау бағытындағы заңнамалық бастамалар осы мақсатқа қызмет етеді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

Бағаны бәсекелестік реттейді

Қазақстанда автокөлік нарығындағы баға динамикасы мен отандық өндірісті дамыту мәселесі күн тәртібінде. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаевтың айтуынша, жергілікті автокөлік өндірісін кеңейту алдағы уақытта көлік бағасының төмендеуіне ықпал етуі мүмкін.

Министрдің мәліметінше, 2025 жылдың қаңтар айында автокөлік бағасының жалпы өсімі 105 пайызды құраған. Ал Қазақстанда өндірілген автокөліктердің бағасы 101 пайызға ғана өскен. Бұл отандық өндірістің нарықтағы бағаны тұрақтандыруға әсер етіп отырғанын көрсетеді.

Қазіргі таңда қазақстандық автозауыттар өндіріс көлемін арттырып, жаңа модельдерді шығарып жатыр. Ұсыныстың артуы бәсекелестікті күшейтіп, бағаның біртіндеп төмендеуіне мүмкіндік береді. Министрдің сөзінше, жергілікті өндірістің дамуы импорттық, әсіресе қытайлық автокөліктер бағасына да ықпал етуі мүмкін.

Сарапшылардың пікірінше, өндірістің тұрақты өсуі автокөлік нарығындағы бағаны ұзақ мерзімде теңгеруге көмектеседі.

Өз тілшімізден

Жастар болашаққа бек сенімді

Егемен елдің еңсесін тіктейтін – жастар. Қай кезеңде де мемлекеттің болашағы жас буынның білім-білігіне, азаматтық ұстанымына және қоғамдық жауапкершілігіне сүйеніп келген. Бүгінгі конституциялық реформа да сол сенімнің айқын көрінісі. Жастарды мемлекеттік басқару мен қоғамдық келісімнің жетелі жобаларына тарту арқылы ғана әділетті һәм қуатты Қазақстанның іргесі берік қаланады. Сарапшылар мен жас көшбасшылар қатысқан «Әділетті әрі прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы» атты алқалы жиын – соның айқын дәлелі. Келелі кездесуде Конституция жобасы талқыланып, оның стратегиялық маңызы мен құқықтық құндылықтары кеңінен сөз болды.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Жиынға аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев, конституциялық Комиссия мүшелері Нұркен Кобжанов пен Бекзат Алтынбеков, өңірлік сарапшылар, қоғам белсенділері және жас көшбасшылар қатысты. Кездесуді «Qazmet» компаниясының басқарушы директоры Ербол Исмаилов тізгіндеді.

Өз сөзінде өңір басшысы жаңа Конституцияны қабылдау – жекелеген нормаларды түзету емес, технологиялық революция мен жаһандық сын-қатерлер жағдайында мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған стратегиялық қадам екенін Конституциялық комиссия мүшелері заң жобасын әзірлеу барысындағы жұмыс тәжірибесімен бөлісті. Нұркен Кобжановтың айтуынша, өзгерістер ашық қоғамдық диалог жағдайында әзірленген.

– Комиссия құрамында 130-дан астам маман жұмыс істеді. 12 ресми отырыс өткізілді. Алғашқы редакция талқылауға ұсынылғаннан кейін бір аптаның ішінде мыңдаған ұсыныс түсті. Біз 10 мыңнан

астам азаматтық пікірді қарастырдық. Бұл – сенім мен бірлескен жауапкершілікке негізделген жаңа саяси мәдениеттің қалыптасқанын айғақтайды. Конституцияның 1 және 15-баптарында адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде бекітілген. Сонымен қатар, 33-баптағы білімге қатысты нормалардың нақтылануы, азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу тетіктерінің кеңейіп және конституциялық сотқа тікелей жүгіну мүмкіндігі құқықтық кепілдіктерді күшейте түспек, – деді Нұркен Кобжанов.

«АМАНАТ» партиясының облыстық филиалының төрағасы, Конституциялық комиссияның мүшесі Бекзат Алтынбеков еліміздің дәл қазір үлкен саяси сын кезеңінде тұрғанын, бұл сәтте әрбір азаматтың азаматтық ұстанымы маңызды екенін жеткізді.

– Біз өткеннің озығын сақтап, көнерген тұстарын тарих еншісінде қалдыруымыз керек. Конституцияның 84 пайыздан астамы жаңарды. Сондықтан, бұл – мазмұны жағынан жаңа құжат. Оның ерекшелігі – қарапайым азаматқа түсінікті, жатық

тілде жазылуы. Әр адам оны оқып, өз сүзгісінен өткізе алуы тиіс. Преамбулада ұлттық құндылықтарға, мыңжылдық мемлекеттілік сабақтастығына ерекше мән берілген. Жаңа редакцияда өкілеттіктерді қайта бөлу, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті күшейту, Президенттің партия мүшелігіне қатысты шектеулер енгізу, жақын туыстарының мемлекеттік қызметтегі лауазымдарына байланысты талаптарды нақтылау секілді нормалар қарастырылған. Сондай-ақ, болашақта Конституцияға өзгерістер тек бүкілхалықтық референдум арқылы ғана енгізіледі, – деді Бекзат Қомарұлы өз сөзінде.

Әрі қарай кездесу барысында жастар да белсенділік танытып, ұтымды ұсыныстарын ортаға салды. «Талдау Қарағанды» өңірлік талдау мектебінің қатысушысы Асылжан Төлегенов экологиялық қағида-дартарды конституциялық деңгейде бекітудің маңыздылығына тоқталды.

«Экология – жекелеген салалық мәселе емес, ұлттық қауіпсіздік пен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Жаңа Конституция жобасында орнықты даму қағида-дартары көрініс тапқан. Қоғамның сұранысына орай бекітілген заңнаманың болуы көңіл қуантады», – деді ол.

Облыстық Жастар ісі жөніндегі кеңестің мүшесі Жанбота Елубаев зияткерлік меншікті қорғау мен шығармашылық әлеуетті дамыту мәселесіне назар аударды. Ал, «Ұлт қазына» жобасының менторы Салтанат Қайырбек адами капиталды дамытуға бағытталған нормалардың маңызын атап өтті.

Кездесу барысында қатысушылар конституциялық реформалардың әлеуметтік, құқықтық және экономикалық аспектілерін талқылап, өздерін толғандырған сауалдарға жауап алды. Сарапшылар мен жас көшбасшылар жаңа Конституция жобасының салмақтылығын атап өтіп, оның азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтетініне бек сенім білдірді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Ұлттық бірліктің берік негізі

Зангер, мәслихат депутаты және бизнес қауымдастығының өкілі ретінде мен жаңартылған Конституция жобасын мұқият зерттедім. Қазіргі заманғы күрделі сын-қатерлерді ескере отырып, мемлекеттілікті одан әрі нығайтуға, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және халқымыздың әл-ауқатын арттыруға бағытталған ұсынылған өзгерістерді қолдауды өзімнің азаматтық әрі кәсіби міндетім деп санаймын.

Ұсынылған түзетулер еліміздің институционалдық дамуына жаңа серпін беріп, мемлекеттік басқару жүйесін заманауи талаптарға бейімдеуге бағытталған. Алдымен, Ата Заң жобасы тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік басқаруды ынталандыруға серпін береді.

Ұсынылған өзгерістер мемлекеттік басқарудың тиімді әрі үйлесімді жүйесін құруды көздейді. Өкілеттіктерді нақты бөлу және Президенттің Конституцияның кепілі ретіндегі үйлестіруші ролін күшейту – басқару сапасын арттырудың маңызды алғышарты.

Бұл бастамалар экономика мен ұлттық қауіпсіздік үшін аса маңызды болып табылатын тез өзгеретін аңыз жағдайында стратегиялық шешімдер қабылдау

жылдамдығы мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Жаһандық тұрақсыздық пен геосаяси шиеленістер кезеңінде уақытылы әрі салмақты шешім қабылдау – мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі шарты. Одан бөлек, әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар мен ұлттық жобаларды дәйекті түрде жүзеге асыру үшін қажетті атқарушы билік тізбегінің бірілгін қамтамасыз етеді. Бұл мемлекеттік саясаттың сабақтастығы мен нәтижелілігін арттырады.

Сонымен бірге, күрделі геосаяси жағдайда қауіпсіздік органдарын жедел әрі орталықтандырылған басқару арқылы мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін нығайтуға жағдай жасайды. Мемлекеттік басқарудың тиімділігі тек

әкімшілік реформа емес, ол – елдің ұзақ мерзімді дамуының стратегиялық кепілі. Тағы бір айта кетерлігі, Ата Заң жобасы бизнестің қорғалуына және экономикалық өсімге жағдай жасауды көздейді.

Кәсіпкер ретінде мен үшін саяси және құқықтық тұрақтылық – инвестиция тартудың басты шарты. Бизнес сенімділік пен болжамдылықты қажет етеді. Ұсынылған өзгерістер басқару жүйесінің үйлесімділігін арттыра отырып, экономикалық өсімге нақты серпін береді.

Атап айтқанда, билік вертикалін нығайту және басқаруды орталықтандыру шешімдердің жылдам әрі келісілген түрде қабылдануына ықпал етеді. Бұл әкімшілік кедергілерді азайтып, бизнестің жұмыс істеуін жеңілдетеді.

Негізгі қадағалау және құқық қорғау органдарына бақылауды орталықтандыру сыбайлас жемқорлықпен және жергілікті деңгейдегі тар мүдделермен күресті күшейтеді. Бұл әділ бәсекелестік ортаны қалыптастырады.

Сонымен қатар, Ұлттық банк пен не-

гізгі реттеушілерге бақылауды күшейту арқылы экономикалық егемендікті қорғау қамтамасыз етеді. Қаржы тұрақтылығы мен ұлттық мүдделердің сақталуы елдің стратегиялық қауіпсіздігінің ажырамас бөлігі екені анық. Экономиканың тұрақты дамуы құқықтық айқындықпен, институционалдық беріктікке және мемлекеттік саясаттың жүйелілігіне тікелей байланысты. Бұдан бөлек, идеологиялық негіздерді жаңарту ұлттық консолидацияға апаратын жол екенін атап айту керек.

Негізгі қағида-дарттар тізімін кеңейту жай ғана декларативті норма емес. Бұл – ортақ құндылықтарымыз бен стратегиялық мақсаттарымыздың конституциялық деңгейде бекітілуі.

Зандылыққа, тәртіпке, бірлікке, еңбекқорлыққа және патриотизмге баса назар аудару да жастарды тәрбиелеу ісіне нақты идеологиялық бағдар береді. Азаматтық қоғамды нығайтады, қоғамдағы жауапкершілік мәдениетін қалыптастырады, ұлттық бірегейлік пен ішкі тұтастықты күшейтеді.

Жаңару жауапкершілік жүгін еселейді

Облыс аумағында ел дамуының жаңа кезеңін айқындайтын тарихи құжат Конституцияның жаңа жобасы еңбек ұжымдарында жан-жақты талқылануда. Осындай мазмұнды кездесулердің бірі «Қ.И.Сәтбаев атындағы канал» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қарағанды филиалының еңбек ұжымымен өтті. Басқосуда Конституциялық комиссия мүшесі, облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов жаңа редакциядағы Конституция жобасының негізгі бағыттарын кеңінен таныстырып, қызметкерлердің сауалдарына жауап берді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу барысында Нұркен Кобжанов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында қолданыстағы Конституцияға ауқымды өзгерістер енгізу қажеттігі туралы бастамасын жарияланғанын атап өтті. Осыған байланысты өткен жылдың 8 қазанында Президент өкімімен Президент Әкімшілігінің өкілдері, Парламент депутаттары, белгілі зангерлер, сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінен құралған 33 адамнан тұратын сараптамалық жұмыс тобы құрылған.

Дерекке сүйенсек, үш жарым ай ішінде саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардан түскен бір жарым мыңнан астам ұсыныс сараланып, Конституцияның іргелі бөлімдеріне қатысты кешенді талдау жүргізілген. Өзгерістердің ауқымдылығын ескере отырып, 20 қаңтарда Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құру туралы Жарлыққа қол қойылды. Комиссия құрамына шамамен 130 адам енген.

Қарағанды облысынан комиссия құрамына «Аманат» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков, ҚарҰЗУ ректоры, профессор Нұрлан Дулатбеков, Мәжіліс депутаттары Үнзила Шапақ пен Никита Шаталов кірген. Нұркен Кобжановтың өзі де Конституциялық комиссия мүшесі ретінде 12 отырысқа қатысып, құжатты әзірлеу жұмыстарының ашық форматта жүргізілгенін жеткізді.

– Ағымдағы жылдың 30 қаңтарында жаңа Конституция жобасы көпшілікке ұсынылды. Түзетулер 77 бапты қамтиды, бұл – қолданыстағы мәтіннің 80 пайыздан астамы. Заңнамаға сәйкес, егер өзгерістер жартысынан астам норманы қамтыса, жаңа редакция қабылданады, – деді Нұркен Кобжанов.

Нақтырақ айтсақ, кіріспеде қа-



конституциялық деңгейде адвокатураның сот арқылы қорғану құқығының кепілі ретіндегі ролі бекітілген. Егемендік қағидаты да нығайтылып, халықаралық шарттардың қолданылу тәртібі арнайы заңмен реттелетін болады.

Институционалдық жүйеде маңызды өзгерістер қарастырылған. Екі палаталы Парламенттің орнына бір палаталы Құрылтай құру ұсынылады. Оған Вице-президентті, Премьер-Министрді, Конституциялық және Жоғарғы Сот судьяларын тағайындауға келісім беру өкілеттігі беріледі. Жаңа Парламентте президенттік квота болмайды. Құрылтай сайлауы пропорционалды жүйе бойынша өтіп, депутаттар саны 98-ден 145-ке дейін артпақ.

Конституция жобасында Президенттің бір рет сайланатын мерзімі туралы норма, Президенттің партия мүшесі болуына тыйым салу және оның отбасы мүшелерінің мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларда басшылық қызмет атқаруына шектеу толық



зақстандық мемлекеттіліктің тарихи мұрасы айрықша көрсетіліп, әділдік пен заң үстемдігі негізгі бағдар ретінде бекітіледі. Ұлтаралық және конфессияаралық келісім қағида-дартары сақталады. Неке ұғымы ер мен әйелдің ерікті одағы ретінде, мемлекетте тіркелген түрде нақты айқындалады.

«Конституциялық құрылыстың негіздері» бөлімінде білім, ғылым және инновация мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттары ретінде бекітіледі. Ғылыми және шығармашылық еркіндікке, зияткерлік меншікке кепілдік беріледі. Сонымен қатар, цифрландыру жағдайында дербес және қаржылық деректерді қорғау нормалары көзделген.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктері күшейтіліп, алғаш рет

сақталған. Алдағы уақытта Конституцияға өзгерістер тек жалпыхалықтық референдум арқылы ғана енгізіледі.

Кездесу соңында Нұркен Кобжанов ұжым мүшелерінің сұрақтарына жауап беріп, реформалардың мәні мен маңызын түсіндірді.

– Біз бүгін Конституцияның жаңа жобасын талқылап отырмыз. Мұндай ауқымды реформа саяси жүйені түбегейлі жаңғыртуға бағытталған. Конституция – басты құқықтық құжат әрі қоғам дамуының стратегиялық бағытын айқындайтын негізгі ереже. Сондықтан, өзгерістер мемлекеттік аппаратты жетілдіре отырып, әділ, ашық әрі орнықты мемлекет құруға бағытталған, – деп толықтырды Нұркен Сайфидинұлы.

Суреттер облыстық мәслихаттың баспасөз қызметінен



Ұлттық консолидация – экономикалық дамудың да, саяси тұрақтылықтың да негізі. Қоғам ортақ құндылықтарға сүйенгенде ғана мемлекет ұзақ мерзімді табысқа жете алады.

Жаңартылған Конституция жобасы – еліміздің болашағына бағытталған стратегиялық қадам. Мемлекеттік басқаруды жетілдіру, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және ұлттық бірлікті нығайту сынды өзара тығыз байланысты мақсаттар анық көрініс тапқан.

Осы өзгерістерді қолдау еліміздің егемендігін, тұрақтылығын және азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыру жолында саналы тандау деп есептеймін.

Ермек ӘБІЛДИН,
«Ақ жол» ҚДП Қарағанды облыстық филиалының төрағасы,
облыстық мәслихаттың депутаты

Ашық пікір алмасты

«Ұлт қазынасы» республикалық жобасының тәлімгерлері мен Talдау өңірлік талдамалық мектебінің түлектері Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-де студенттермен дискуссиялық кездесу өткізді. Кездесуде Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасының негізгі бағыттары түсіндіріліп, жастармен ашық диалог өтті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесудің басты мақсаты – жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, азаматтық белсенділігін күшейту. Сондай-ақ, мемлекеттік өзгерістерге саналы көзқарас қалыптастырып, ел үшін маңызды шешімдерді ашық әрі сындарлы талқылауға жас буынды тарту. Облыстық жастар ресурстық орталығының маманы Темірлан Серіков өз сөзінде алдағы саяси науқанның маңызын атап өтті.

– Жаңа Конституцияны қабылдау үшін 15 наурызда референдум өтеді. Ал, онда қабылданатын шешім – жастардың болашағы. Сондықтан, бұл референдумға әр жас қатысуы міндетті деп білемін. Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ – өңірдегі ең үздік жоғары оқу орнының бірі. Студенттердің саны әрі сапасы жағынан да алдыңғы қатарда. Кездесуді дәл осы университеттен бастағанды жөн көрдік, – деді.

Қарағанды облысы бойынша «Жылдың үздік спортшысы-2025» номинациясының иегері, Азия чемпионы, бокстан

жастар арасындағы әлем чемпионы Сабыржан Аққалықов та сөз алып, өз ойымен бөлісті.

– Мен спорт саласында кішкентайымнан бері жүрмін. Бокс мені көп жақсылыққа үйретті. Жеңіс – ешқашан кездейсоқ келмейді. Әр жеңісте тұрақтылық, шынайылық әрі жауапкершілік тұрады. Өмірде де дәл солай. Спортта мынандай бір қатан ереже бар. Егер кімде-кім ол ережені бұзса, онда қарсыласың емес, бүкіл спорт зардап шегетін болады. Мемлекетімізде де дәл сондай жүйе. Бірақ, бізден бір ерекшелігі – ауқымында. Ал, Конституция – басты ереже. Осы ережемен бүтін мемлекет өмір сүреді. Бұл жай ғана қағаз құжат емес, біздің болашағымыз. Олай болса, бәріміз өз болашағымыз үшін дұрыс тандау жасайық, – деді Сабыржан Мақсұтұлы.

Сонымен қатар, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Saryarqa телеарнасының редакторы Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы Жастар істері жөніндегі облыстық кеңес мүшесі Жанбота Елубаев та сөз алып, пікірімен бөлісті.

– Конституцияның жаңа жобасы 11 бөлім, 95 баптан тұрады, мәтінінің 84%-ы жаңарған.



Құжат тұңғыш рет мемлекеттік тілде қайта жазылды. Айталық, 1 бапта Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екені ерекше көрсетілген. Мемлекеттің ең жоғарғы құрылымы адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары анық көрсетілген. Ата Заңымыздың жаңа мәтінінің басты идеясы ретінде білім ғылым, мәдениет пен инновация анықталды, – деді Жанбота Сүндетуллаұлы.

Одан бөлек, «Kazakhmys holding» ЖШС компаниясының экология мәселелері жөніндегі департаментінің бас маманы, «TALDAU мектебі Қарағанды» аналитика мектебінің түлегі Асылжан Төлегенов пен Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Алматы ашық әдеби мектебінің заманауи поэзия курсының оқытушысы, «Ұлт қазынасы» жобасының менторы, «TALDAU мектебі Қарағанды» аналитика мектебінің түлегі Салтанат Қайырбек те конституцияның маңызын атап көрсетті. Ал, студенттер өздерін толғандырған сауалдарын қойып, пікірлерін ортаға салды. Ал, спикерлер студенттер сауалына мазмұнды жауап беріп, маңызды мәселелер төңірегінде байыпты әңгіме өрбітті.

Суреттерді түсірген автор

Арқа өндірісіне АҚШ та мүдделі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның айтуынша, протез киетін жандар үшін 3D-сканерлеу арқылы сау аяқтың пішінін айналып қайталайтын эстетикалық қаптама фейрингтер (протездің темір бөліктерін жасырып, оған табиғи көрініс беретін қаптар) дайындалған. Темір өзекке қарағанда, мұндай қаптамалар протезге табиғи көрініс береді. Пациенттің қалауына қарай түрлі-түсті, өрнекті немесе рельефті дизайн-дар қолданылады.

11 адамнан тұратын шағын инженерлер командасы Қарағандыдан бастап, әлемдік нарықты бағындыруда. Халықаралық ISO 9001 сертификатын иеленіп, Германияның DDT компаниясының ресми дилері атанған кәсіпорын өнімдерінің елімізді қамту үлесі 80 пайызға жетеді. Жасанды интеллект пен 3D-баспаның мұндай үйлесімі – еліміздегі инновациялық индустрияның жаңа сапалық деңгейге көтерілгенінің айшықты дәлелі.

Теміртаудағы

технологиялық серпін

Баспасөз турының келесі бағыты – Теміртау. Теміртау десе, көз алдымызға бірден болат келетіні заңдылық. Алайда, құрыш қаланың өндірістік картасында заманауи технологиялық тәртібімен ерекшеленетін «Қазпромалюминий» ЖШС зауытының орны орасан. Сырт көзге үйреншікті өндіріс болып көрінгенімен, мұндағы әр үрдіс дәл есептелген инженерлік алгоритмге негізделген.

Зауыттың өндірістік тізбегі диаметрі 127 миллиметр болатын алюминий билеттерден (кейін өңдеуге арналған цилиндр пішінді металл құймалары) басталады. Металл алдымен револьверлік пеште 460-480°C температураға



дейін қыздырылып, пластик күйге өтеді.

– Мұнда металл балкытылмайды, ол тек қалып арқылы өтуге ыңғайлы күйге келеді. Процесті қарапайым тілмен «ет тартқыш» принципіне теңеуге болады: пресс контейнеріндегі жоғары қысыммен қозғалған шток металды арнайы матрица арқылы итеріп шығарады. Қандай қалып тұрса, дәл сондай профиль алынады, – деді бас инженер Иван Половинкин.

Престен шыққан сәтте температурасы 500 градустан асатын профильдер алғашқы қорытпадан өтіп, 24 метрге дейін ұзарады. Металдың ішкі кернеуі алынған соң геометриялық дәлдік сақталады.

Бүгінде зауыт айына 350 тоннаға дейін дайын алюминий профилін шығаруға қуатты. Өндірісте қолданылатын 6060 және 6063 маркалы қорытпалар коррозияға төзімділігімен әрі беріктігімен бағалы.

– Біздің профильдер ғимарат қасбеттерінде, көше жарықтандыру жүйелері мен ішкі әрлеу саласында ауқымды сұранысқа ие. Мысалы, Астанадағы бірнеше нысанның беріктігін ұстап тұрған конструктивтік элементтер осы Теміртаудан жөнелтіледі. Қазір жергілікті аймақты қамту үлесі 61 пайызды құрайды, бірақ біз мұнымен тоқтамаймыз. Алдағы уақытта өндіріс көлемін ұлғайтып, жұмысты жандандырсақ деген ниет бар, – деді зауыт директоры Олжас Жамбыл.

Болашақта зауыт өндіріс қалдықтарын қайта балкытып, өз билетін шығаруды жоспарлап отыр. Бұл өндірістің шикізаттық тәуелсіздігін арттырып, қосылған құнның аймақта қалуын қамтамасыз етпек.

Зауыттағы цифрландыру тек станоктардың жұмысымен шектелмейді. Мұнда жасанды интеллект өндірістік қауіпсіздікті бақылаудың басты құралына айналууда. Экструзия (тұтқыр материалды немесе металды қалып арқылы қысыммен итеріп шығару) процесі жоғары қысыммен жүретіндіктен, адам қауіпсіздігі – басты назарда. Сондықтан, зауытқа Computer Vision (компьютерлік көру) жүйесі енгізіліп жатыр.

«Экструдер – жоғары қысымдағы жабдық, сондықтан,

қауіпсіздік бірінші орында тұрады. Жүйе жұмысының қаскасы, қорғаныс қолғабы мен арнайы киімінің бар-жоғын автоматты түрде анықтайды. Егер адам қауіпті аймаққа рұқсатсыз жақындаса, дыбыстық белгі беріліп, өндірістік желі бірден тоқтайды», – дейді Иван Половинкин.

Бұған қоса, зауыт предиктивті талдау жүйесін енгізуді жоспарлап отыр. Бұл ЖИ-дің көмегімен жабдықтың тозуын алдын ала болжап, станок бұзылғанға дейін алдын алу шараларын жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, Теміртаудағы зауыт дәстүрлі металлургия мен болашақ технологиялардың тиімді тоғысына айналды.

Түйін

Өңірлік өндірістегі нақты мысалдар мемлекеттік цифрлық саясаттың өміршеңдігін дәлелдейді. Жасанды интеллект инженерлік есептеуді жеделдетіп, өндірістік тәуекелді азайтуда. Бұл арқылы технологиялық жаңғырудың теориялық ұстаным емес, экономикалық нәтиже беретін құрал екенін аңғара аламыз. Мемлекеттің стратегиялық бағыты мен кәсіпкерлік бастаманың тоғысқан тұсында айқындалған цифрлық саясат өңірлік кәсіпорындардың технологиялық жаңғыруына жол ашып, өндірістің тиімділігі мен қауіпсіздігін жаңа деңгейге көтеруде. Шикізаттық үлгіден – интеллектуалдық экономикаға қарай жасалған жүйелі қдам ел экономикасының дамуына да елеулі серпін әкелмек.

Суреттерді түсірген автор

• ҚҰРМЕТ

Ерлікке тағзым, елдікке үлгі

Балқаш қаласында Ауған соғысы ардагерлерімен тағылымды кездесу ұйымдастырылып, ерлік пен отансүйгіштік рухы ұлықталды. «Ерлік пен естелік» атты сұхбаттық басқосу Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күніне арналды.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу Ауған соғысында қаза тапқан боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алу-дан басталды. Жиналған жұртшылық майдан даласында мерт болған жауынгерлердің рухына тағзым етті. Клуб ұжымы тағылымды әңгімені тағдырлы тарихпен ұштастыра білді.

– Бұл атаулы күнді клуб мүшелерімен бірге атап өтіп, ардагерлердің өнегелі өмірін жас буынға үлгі ету – парызымыз. Тарихта болған оқиғаны ұмытпай, оны дәріптеу – ортақ міндет, – дейді ұйымдастырушы-әдіскер Рауана Төлеу.

Сұхбаттық форматта өткен басқосуға Ауған соғысының ардагерлері Талғат Балқыбеков, Марат Әбдірбаев, Мұрат Аязбаев және Марат Әбиев арнайы қатысып, майдан даласындағы

естеліктерімен бөлісті. Қатысушыларға алдын ала дайындалған сауалдар таратылып, ардагерлер әр сұраққа шынайы жауап берді. Ашық әрі әсерлі болған жауынгерлердің рухына тағзым етті. Клуб ұжымы тағылымды әңгімені тағдырлы тарихпен ұштастыра білді.

Кездесу барысында барлық ақпарат ишара тілі арқылы аударылып, клуб мүшелеріне толыққанды жеткізілді. Ерлік тақырыбындағы өлең де ишарамен орындалып, көрерменнің жүрегіне жол тапты. Сонымен қатар, жасанды интеллект көмегімен дайындалған бейнероликте Ауған соғысына қатысқан азаматтардың суреттері көрерменге ерекше әсер сыйлады.

БАЛҚАШ

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 2,500 % участников КТ. Участники Кредитного товарищества пользуются преимуществом перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул.Сатыбалдина, д.29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық кеңестері педагогикалық қызметтің ардагері, облыстық кеңестің жанындағы әжелер алқасының төрайымы Жұмабике Шазарқызы Адамоваға аяулы анасы

Сәуия ТАҚЫРҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryarqa aqparat» медиахолдингі ұжымы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ардагер журналист Раушан Шөкейқызы Нұршаға жолдасы

Марат Құдышұлы СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық «SARYARQA» телеарнасының ұжымы телеарна ардагері, байырғы оператор

Марат Құдышұлы СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



• ШАҒЫ ЖАРЫСЫ

Әлемдік бәсекеге ашылған жол

Риддер қаласында шаңғы жарысынан Қазақстан жастар чемпионаты өткен еді. Оған елдің түпкір-түпкірінен 10 команда құрамында 173 спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Дүбірлі додада біздің облыс намысын қорғаған спортшылар да бар.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен жарыс жолына жерлесіміз Диляра Бейсекеева шыққан болатын. Ол классикалық спринт сайысында сынға түсіп, нәтижесінде мәре сызығын үшінші болып кесті. Содан кейін облыс құрамасы 4×5 шақырымдық эстафетада қола жүлдеге қол жеткізді. Айта кетейік, команда сапында Диляра Бейсекеева, Евгения Вадутова, Ясмينا Какенова және Али-

са Тротно сынды жерлестеріміз бар.

Командалық спринт классикалық бағдарлама бойынша Евгения Вадутова мен Диляра Бейсекеева жұбы алтыннан алқа тақты. Айта кетейік, бұл жетістік – қос спортшының мансабындағы ең ірі жетістіктерінің бірі. Қос шаңғышы бұл жолы алтын медальмен бірге наурыз айында Лиллехаммер қаласында өтетін әлем чемпионатына жолдама еншіледі. Енді жерлестер әлемдік бәсекеде ел намысын қорғамақ.

– Мен қыздарымыздың көрсеткен нәтижелеріне ризамын. Олардың болашағынан зор үміт күтемін. Әлем чемпионатында Диляра бізді қуантады деп сенемін. Спортшылардың негізгі тәлімгері Александр Овсов. Ендігі мақсат әлем чемпионатының алтыны, – деді шаңғы жарысынан Қарағанды облысы құрамасының аға жаттықтырушысы Максим Щербаков.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ТЕННИС

Жас теннисшілер додасы

Қарағандыда 18 жасқа дейінгі спортшылар арасында Халықаралық теннис федерациясының ITF J100 санатындағы беделді турнирі басталды. Додаға әлемнің әр түпкірінен жиналған үздік жас спортшылар қатысуда. Негізгі кезеңде 32 ұл және 32 қыз теннисші қысқа шығып, рейтингтік ұпайлар мен чемпиондық атақ үшін таласуда.



Биылғы турнирдің географиясы да кеңейсе түскен. Қазақстандық спортшылармен қатар жарыс жолына Түркия, Тәжікстан, Ресей, Ұлыбритания, Өзбекстан, Франция, Қытай, Канада, Кипр және Беларусь елінен 50-ден астам жас теннисші сынға түсуде. Халықаралық дәрежедегі төреші Антон Игнатченко мұндай жоғары деңгейдегі турнирлер Қарағандыда тұрақты ұйымдастырылып тұратынын баса айтты.

– Бұл турнир – биылдыққа жасөспірімдер арасындағы алғашқы турнир. Дәстүр бойынша спортшылар мұнда ең алдымен рейтингтік ұпай жинау үшін келеді. Жиналған ұпайлар олардың халықаралық жарыстарға іріктелуіне, әлемдік додаға жол ашуына мүмкіндік береді. Сондықтан, әр матчтың маңызы айрықша. Қарағандыдағы заманауи Теннис орталығының инфрақұрылымы толыққанды жарыс өткізуге бейімделген. Халықаралық талапқа сай қорттар, спортшыларға арналған қонақүй мен асхана да осы маңайда орналасқан. Бұл қатысушылардың жаттығуы мен демалысын, әрі бар назарын ойынға аударуына қолайлы, – деді

Антон Игнатченко.

18 жастағы алматылық Арсений Требухин – халықаралық және республикалық турнирлерде топ жарған, талай мәрте жүлде тұғырынан көрінген дарынды теннисші. Турнирдің алғашқы кезеңінде-ақ J60 санатында сенімді өнер көрсетіп, жеңімпаз атанды.

– Тенниспен айналысып жүргеніме 11 жыл болды. Бұл спортқа мені алғаш ата-анам алып келген. Содан бері бір күн де үзіліссіз жаттығып келемін. Алматыдағы Орталық мәдениет және демалыс саябағының маңындағы клубта дайындаламын. Басты мақсатым – барлық қарсыласты жеңіп, J100 санатындағы турнирде топ жару, – дейді Арсений.

Ал, 15 жастағы қарағандылық Родион Трайгель де бұл турнирге жан-жақты дайындықпен келген. Жас спортшы бұған дейін J30 және J60 санатындағы жарыстарда жүлдегер атанып, өзінің әлеуетін дәлелдеп үлгерді.

– Алдымен теннис секциясына әпкем жазылды. Оның жаттығуын көріп, өзім де қызығушылық таныттым. Қазір Астана қаласында жаттығамын. Екі мезгіл тенниспен шұғылдансам, одан кейін фитнеске барып, физикалық дайындығымды жетілдіремін. Төзімділігіме сенемін.

Өз басым тор маңындағы соққыларды сәтті орындаймын. Болашақта кәсіби теннисші атанып, еліміздің намысын халықаралық ареналарда қорғағым келеді. Осы жолда маған бағыт-бағдар беріп жүрген жеке бапкерім Павел Цойға алғысымды білдіремін, – деді жас спортшы.

Сонымен қатар, Екібастұз қаласынан келген жаттықтырушы Даниял Жүніспаев J60 және J100 секілді жоғары санаттағы турнирлер жас спортшылар үшін аса маңызды екендігін айтады.

– Мен бұл турнирге 15 жастағы Ясмин Дюсенбаева есімді шәкіртімді алып келдім. Жарысқа жоғары физикалық дайындықпен келдік. Әрі ойын комбинацияларын жетілдірдік. Шәкіртім – Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі. Өткен жылы ол жекелей сында бес мәрте жүлдегер атанған. Халықаралық деңгейде де жақсы нәтижелер көрсетіп келеміз, – деді бапкер.

Айта кетейік, жұптық сайыс 20 ақпанда өтеді деп күтілуде. Ал, финалдық ойындар сенбіге жоспарланған.

Дарина САМЕН,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ IV курс студенті

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• КӨРКЕМ ЖҰЗУ

Он бір медаль олжалады

Колумбияның Медельин қаласында көркем жүзуден Әлем кубогының алғашқы кезеңі өткен болатын. Аталған сайыста Ұлттық құрама сапында бақ сынаған Қарағанды облысының спортшылары маусымды жоғары деңгейде бастап, 11 медаль жеңіп алды. Оның үшеуі – алтын, бесеуі – күміс болса, үшеуі – қола жүлде.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, топтық сайыста сынға түскен Карина Магруппова, Ксения Макарова және Наргиза Болатова 189,9 ұпай жинап, еркін бағдарламада I орынға ие болды. Ал, дәл осы аталым бойынша күміс жүлде – Колумбия, қола медаль – Бразилия командасына бұйырды. Ал, акробатикалық бағдарламада сынға түскен Карина Магруппова, Ксения Макарова және Наргиза Болатова Виктор Друзинмен жұбы

162,9 ұпай жинап, ел қоржынына күміс жүлде салды.

Микс-дүэттер арасындағы еркін бағдарламада өнер көрсеткен Виктор Друзин мен Наргиза Болатова жұбы қола медаль еншілеп, ел қоржынын еселеген болатын. Сонымен қатар, Виктор Друзин жеке орындаудағы техникалық бағдарламасында да жүлдегерлер қатарынан көрініп, қола жүлдені қоржынға бөктерді.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ШЫРҒА ТАРТУ

«Желқараға» жетер жүйрік жоқ

Тазы жүгірту, шырға тарту – бұқар жыраулықтардың өмір салтына айналған дәстүр. Бұл аймақтың азаматтары ұлттық спортқа тек ойын деп қана емес, рухани құндылық деп қарайды. Қансонарға бірінші болып шығып, тазы жүгіртіп, шырға тартып, бүркіт ұшыратын да осы ауданның азаматтары. Сонымен қатар, ұлттық спортты да насихаттау жолында талай турнир ұйымдастырып, оның дамуына да елеулі үлес қосып келеді. Соның бір айқын дәлелі – кешегі Қушоқы ауылында өткен облыстық турнир. Оған еліміздің түпкір-түпкірінен 78 ересек тазы мен 36 күшікті әкеп қатыстырды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, турнир ресми түрде облыстық деңгейде өткізілгенімен, оған әр аймақтан қатысушылар келді. Атап айтқанда, Ақмола, Павлодар облыстарынан бөлек, Астана қаласынан да жарысқа арнайы келгендердің қарасы қалын.

– Біз үшін бірінші орында – қауіпсіздік. Әр итті жеке-жеке орналастырдық. Әрі қашықтыққа жүгіргенде тұмалдырып кепердік. Бұның бәрі оқыс оқиғалардың алдын алу үшін ұйымдастырылған. Сонымен қатар, тазылардың жолын алдын ала қардан тазартып алдық. Биыл турнир алғаш рет осындай форматта өтті. Тур-

нирге қатысатын иттердің құжаттары талап етілмеді. Алдағы уақытта жарыстың ауқымын кеңейтуді жоспарлап отырмыз, – деді ұйымдастырушы Азамат Төкешов.

Ересек тазылар арасында Қарқаралы ауданынан (Едірей ауылы) келген «Желқара» атты тазы I орынды иеленді. Иесі – Азамат Төкешов. II орынды балқаштық Ерлан Шыныбековтің «Көкдауылы» еншілессе, III орынды Азаматтың екінші тазысы «Еркеқызы» қанжығалады.

Күшіктер арасындағы бәсекеде елордалық Сүйіндік Жанахметовтің «Мүзбалағы» алдына қара салмады. Мәре сызығын екінші болып Серік



Сисабаевтың «Қарахан» тазысы кессе, үздік үштікті Азаматтың «Құлпынай» есімді күшігі түйіндеді.

Айта кетейік, 15-ші ақпанда қайтадан осы өңірде шырға тарту

сайысы өтеді. Ал, осы турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ақшалай сыйлықтар табысталды.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА

Директордың орынбасары

Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары

Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,

Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZKX БИН 000840001412

Тарапымы 4 013

№19 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР